2026 жылдың қыркүйек айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 35,5 млрд. теңгеге 57,0 мың ақша аударымдары жіберілген. 2026 жылдың тамыз айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 25,7%-ға, көлемі 24,9%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Western Union, MoneyGram, UPT сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2026 жылдың қыркүйек айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 4,9% және жалпы сомасының 2,1% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 95,1% және 97,9% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың қыркүйек айында шетелге ХААЖ арқылы 34,8 млрд. теңге сомаға 54,2 мың транзакция жіберілді. 2026 жылдың тамыз айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 24,0%-ға, көлемі 24,4%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Өзбекстан – 14,6 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 42,0%), Түркия – 7,8 млрд. теңге (үлесі – 22,3%), Ресей – 3,3 млрд. теңге (үлесі – 9,6%), Грузия – 2,3 млрд. теңге (үлесі – 6,6%), сондай-ақ Қытай – 1,6 млрд. теңге (үлесі – 4,5%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	**Саны (мың транзакция)**	***Жалпы сандағы үлесі, %-бен***	**Сомасы (млн. теңге)**	***Жалпы сомадағы үлесі, %-бен***
Вестерн Юнион	21,17	*39,1%*	18 158,30	*52,2%*
UPT	11,07	*20,4%*	8 501,63	*24,5%*
Басқа ақша аудару жүйелері	19,30	*35,6%*	5 372,75	*15,5%*
MONEYGRAM	2,65	*4,9%*	2 733,22	*7,9%*
Жалпы жиынтығы	**54,19**	***100,0%***	**34 765,90**	***100,0%***

Елдер бойынша


Ел	**Саны (мың транзакция)**	***Жалпы сандағы үлесі, %-бен***	**Сомасы (млн. теңге)**	***Жалпы сомадағы үлесі, %-бен***
Өзбекстан	15,84	*29,2%*	14 601,65	*42,0%*
Түркия	11,20	*20,7%*	7 758,03	*22,3%*
Ресей	16,90	*31,2%*	3 330,10	*9,6%*
Грузия	1,20	*2,2%*	2 310,02	*6,6%*
Қытай	1,21	*2,2%*	1 570,77	*4,5%*
Қырғызстан	1,57	*2,9%*	1 179,26	*3,4%*
Армения	0,54	*1,0%*	889,72	*2,6%*
Әзірбайжан	0,73	*1,4%*	880,50	*2,5%*

Тәжікстан	1,43	*2,6%*	562,39	*1,6%*
Украина	0,75	*1,4%*	287,02	*0,8%*
Басқалар	2,83	*5,2%*	1 396,43	*4,0%*
Жалпы қорытынды	**54,19**	***100,0%***	**34 765,90**	***100,0%***


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 56,8%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 72,8%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 34,6% және 25,2%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың қыркүйек айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 12,3 млрд. теңге сомаға 34,4 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2026 жылдың тамыз айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 9,4%-ға, көлемі 1,0%-ға өсті.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Америка Құрама Штаттары – 2,8 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 22,5%), Түркия – 1,7 млрд. теңге (үлесі – 13,6%), Өзбекстан – 1,2 млрд. теңге (үлесі – 9,7%), Германия – 1,1 млрд. теңге (үлесі – 8,9%), сондай-ақ Ресей – 1,1 млрд. теңге (үлесі – 8,6%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	**Саны (мың транзакция)**	***Жалпы санындағы үлесі, %-бен***	**Сома (млн. теңге)**	***Жалпы сомадағы үлесі, %-бен***
Вестерн Юнион	18,38	*53,4%*	7 160,02	*58,3%*
MONEYGRAM	8,87	*25,8%*	3 691,01	*30,1%*
Басқа ақша аудару жүйелері	6,73	*19,6%*	1 223,98	*10,0%*
UPT	0,41	*1,2%*	204,59	*1,7%*
Жалпы жиынтығы	**34,39**	***100,0%***	**12 279,59**	***100,0%***


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	*Жалпы сандағы үлесі, %-бен*	Сомасы (млн. теңге)	*Жалпы сомадағы үлесі, %-бен*
Америка Құрама Штаттары	6,28	*18,3%*	2 757,49	*22,5%*
Түркия	4,31	*12,5%*	1 667,32	*13,6%*
Өзбекстан	1,75	*5,1%*	1 192,00	*9,7%*
Германия	5,55	*16,1%*	1 087,84	*8,9%*
Ресей	6,33	*18,4%*	1 055,18	*8,6%*
Корея Республикасы	1,51	*4,4%*	836,47	*6,8%*
Грузия	1,33	*3,9%*	652,06	*5,3%*
Қырғызстан	0,58	*1,7%*	413,16	*3,4%*
Әзірбайжан	0,46	*1,3%*	374,13	*3,0%*
Израиль	0,63	*1,8%*	218,12	*1,8%*
Басқалар	5,67	*16,5%*	2 025,82	*16,5%*
Жалпы қорытынды	**34,39**	***100,0%***	**12 279,59**	***100,0%***

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 64,2% және жалпы сомасының 81,2%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 19,3% және 9,3%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

